

**«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Тасқала ауданы  
білім беру бөлімінің «Сәулет» мектеп-лицейі коммуналдық мемлекеттік  
мекемесінің өзін-өзі бағалауының қорытынды  
АНЫҚТАМАСЫ**

**Бақылау түрі:** өзін-өзі бағалау.

**Өзін-өзі бағалау жүргізуге негіз:** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық», «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Батыс Қазақстан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы З.Гумарованың 2023 жылғы 08 қарашадағы №430 бұйрығы.

«Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығының 2 тарауының 2 тармақшасына сәйкес білім беру ұйымының 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 (01.02.2024ж. күнге дейін) оқу жылдары бойынша бағалау өлшемшарттарына сәйкес өзін-өзі бағалауды жүргізді.

**Өзін-өзі бағалау комиссиясының құрамы:**

1.	<i>Бисалиева Акканым Талаповна</i>	мектеп директоры - комиссия төрайымы;
2.	<i>Сараева Гульмира Ганмирхановна</i>	директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – комиссия төрайымының орынбасары;
3.	<i>Имангалиева Лида Абаевна</i>	директордың бейін ісі жөніндегі орынбасары – комиссия мүшесі;
4.	<i>Дакишева Айнагуль Наримановна</i>	директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – комиссия мүшесі;
5.	<i>Беккалиева Гульбарша Магзумовна</i>	директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары – комиссия мүшесі;

**Өзін-өзі бағалау барысында төмендегі бағыттар қаралды:**

- 1) білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;
- 2) оқыту және білім беру;
- 3) білікті қызметкерлердің болуы;
- 4) қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;
- 5) білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 6) тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база.

### **I. Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы.**

**Білім беру ұйымының толық аталуы:** Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Тасқала ауданы білім беру бөлімінің «Сәулет» мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. (Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 22 желтоқсандағы №311 Қаулысына сәйкес мекеме атауы өзгертілді)

**Білім беру ұйымының орналасқан жері және заңды мекен жайы:** Батыс Қазақстан облысы, Тасқала ауданы, Тасқала ауылы, Құрманғалиев көшесі №5 үй.

**Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электронды пошта, web-сайты):**

**Телефон, факс:** 8 (71139) 21-3-74,

**Электрондық мекен-жайы:** [saulet\\_ml@mail.kz](mailto:saulet_ml@mail.kz)

**Интернеттегі ресми сайт:** <http://saulet-taskalabilim.edu.kz>

**Әлеуметтік желідегі ресми парақшалар:** [https://www.instagram.com/saulet\\_lyceum](https://www.instagram.com/saulet_lyceum)

Фейсбук парақшасы:

<https://www.facebook.com/profile.php?id=100055288005063&mibextid=tPfjzR>

**Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (лауазымды тұлғаның аты-жөні, лауазымға тағдайындау бұйрығы)**

**Мектеп директоры – Бисалиева Акканым Талаповна**, Тасқала аудандық білім беру бөлімінің 2021 жылғы 25 қазандағы №79 бұйрығы негізінде қызмет атқарады. *(бұйрық көшірмесі беріледі)*

**Байланыс телефоны:** 87052051269

**Жеке электрондық поштасы:** [Akkanum\\_66@mail.ru](mailto:Akkanum_66@mail.ru)

**Құқық беруші және құрылтайшы құжаттары:**

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 22 желтоқсандағы №311 Қаулысына сәйкес «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Тасқала ауданы білім беру бөлімінің «Сәулет» мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі» болып атауы өзгертіліп, Заңды тұлға ретінде қайта тіркеуден өтті.

1) **Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама:** Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінің «Бәйтерек» ауданаралық әділет басқармасының Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу анықтамасы

БСН 970940000835

Берілген күні 13.01.2021 ж.

**Құрылтайшысы:** «Батыс Қазақстан облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі

**Алғашқы тіркеуден өткен күні:** 16.09.1997 ж *(көшірме қосымша ұсынылады)*.

2) **Мектеп Жарғысы:** «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Тасқала ауданы білім беру бөлімінің «Сәулет» мектеп-лицейі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының 2021 жылғы 5 қаңтардағы №1 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінің «Бәйтерек» ауданаралық әділет басқармасының 13.01.2021 ж. №353-1926-07-ММ тіркелген. *(көшірме қосымша ұсынылады)*.

**Рұқсат беруші құжаттары:**

1) **«Білім беру қызметі» мемлекеттік лицензиясы:** 03.02.2021 жылғы №KZ78LAA00021592

**Қосымшасымен бірге.** Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Тасқала ауданы білім беру бөлімінің «Сәулет» мектеп-лицейі коммуналдық мемлекеттік мекемесіне берілген.

**Лицензиар:** «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Батыс Қазақстан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесі, 03.02.2021 ж. №91 бұйрығы. (Электрондық құжат [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) порталында орналасқан).

*(Құжаттардың көшірмелері жалғанды)*

2) **«Медициналық қызметпен айналысу» лицензиясы** №01746DL 07.03.2019ж.

**Қосымшасымен бірге.** Өнеркәсіптік базасы: БҚО Тасқала ауданы, Тасқала ауылы, Курманғалиев көш. 5, «Сәулет» мектеп-лицейі.

**Лицензиар:** Батыс Қазақстан облысы әкімдігі Денсаулық сақтау басқармасы. **Құжаттың бірегей нөмірі:** №01746DL 07.03.2019ж *(көшірме қосымша ұсынылады)*

3) **«IV санаттағы объектілер үшін қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат беру» лицензиясы.** №KZ27VDD00090587, 12.03.2018 ж. **Қосымшаларымен бірге.** *(көшірме қосымша ұсынылады)*.

**Лицензиар:** «Батыс Қазақстан облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі. (Электрондық құжат [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) порталында орналасқан).*(құжаттардың көшірмелері жалғанды)*

1) **Мекеменің техникалық паспорты** 27.06.2012 жылы жасалған. Техникалық паспорт (Ф-2). Нысаналы мақсаты: Здание (А). Қабат саны: 3. Құрылыс ауданы 2209,42. Ғимараттың ауқымы 24746. Жалпы алаңы 7959,4. Тұрғын ауданы 2824,6. *(көшірме қосымша ұсынылады)*

2) **Жер учаскісіне акт.** Жер учаскесіне тұрақты жер пайдалану құқығы. Алу күні 15.12.2020 ж. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ Батыс Қазақстан облысы бойынша филиалы. Кадастрлық нөмірі 08-124-023-2639. Жер учаскесінің алаңы: 2,5246 га (көшірме қосымша ұсынылады).

## II. Кадрлық құрамға талдау

- Негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптар:

«Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 14 шілдедегі №339 бұйрығы негізінде білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тексерілді. Мектепте бастауыш білім берілмейді. Негізгі орта, жалпы орта мектептің педагогикалық ұжымының сапалық және сандық құрамының анализі мектептің қажетті оқу-педагогикалық потенциалымен толық қамтылған. Мектепте ҚР мемлекеттік стандартымен қарастырылған барлық пәндер жүргізіледі. Педагогтердің жеке іс-құжаттары, еңбек кітапшалары талапқа сай келеді, мектепте мамандар есебі жүргізіледі. Мұғалімдердің жеке істері, еңбек және санитарлық кітапшалары талаптарға сәйкес. Педагогикалық ұжымның сапалық және сандық құрамның талдауы мектепте қажетті оқу-педагогикалық потенциалдың барлығын көрсетеді, мектепте тұрақты ұжым құрылған.

### Санаттары бойынша (негізгі, жалпы орта білім беретін пәндер бойынша)

Оқу жылы	Мұғалім саны	Педагог- шебер	Педагог- зерттеуші	Педагог- сарапшы	Педагог- модератор	Жоғары	I	II	санатсыз	Басшылар санаты	%
2021-2022	43	2	18	12	5	4	0	1	1	2	88,3%
2022-2023	42	2	16	10	8	1	0	0	5	1	71,5%
2023-2024	43	2	16	11	9	0	1	0	3	2	74,4%

Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәліметтер:

«Сәулет» мектеп - лицейі» КММ-сінің негізгі орта және жалпы орта саласында **сабақ беретін** пән мұғалімдерінің мамандықтары атқарып отырған қызметтеріне сәйкес келеді. Қазіргі таңда мектепте **43** педагог қызмет етеді, жоғары білімді – 43, сапалық құрамы 100%. Тиісті бейін бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білімі бар (магистр) мұғалім -3.

### Білімдері бойынша

Оқу жылы	Барлық педагогтер саны	Жоғары	Арнаулы орта білімді
<b>2021-2022 оқу жылы</b>	<b>43</b>	<b>42</b>	<b>1</b>
<b>2022-2023 оқу жылы</b>	<b>44</b>	<b>44</b>	<b>0</b>
Мұғалімдер	42	42	
Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	1	1	
Педагог-психолог	1	1	
<b>2023-2024 оқу жылы</b>	<b>43</b>	<b>43</b>	<b>0</b>
Мұғалімдер	42	42	
Педагог-психолог	1	1	

### Еңбек өтілдері бойынша (пән мұғалімдері)

Оқу жылы	барлығы	0-3	3-5	6-10	11-15	16-20	20жж
2021-2022	43	0	3	8	8	4	20

2022-2023	42	5	1	9	8	4	15
2023-2024	43	3	4	8	8	6	14

**-қоса атқару шарттарында жұмыс істейтін педагогтер және олардың оқу жүктемелері туралы мәліметтер:**

Негізгі пән бойынша 3 педагог (химия, ағылшын тілі, музыка), үйірме бойынша 2 педагог сабақ береді. Барлық педагогтардың оқу жүктемелері 8 сағаттан аспайды. Жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білімі бар (магистр) химия пәні мұғалімі-1. Педагогтердің мамандықтары қоса атқарып отырған қызметтеріне сәйкес келеді. *(толық ақпарат 7 қосымшада беріледі).*

**Қосымша жұмыс жағдайында жұмыс істейтін педагогтардың сапалық құрамы**

Оқу жылы	Барлық педагогтар саны	Жоғары білімді	Арнаулы орта білімді
2021-2022 оқу жылы	3	3(100%)	0
2022-2023 оқу жылы	3	3(100%)	0
2023-2024 оқу жылы	5	4(80%)	1(20%)

**2021-2022** оқу жылында 18 педагог біліктілікті арттыру курсынан өтті. **2022-2023** жылы 18 педагог, ал **2023-2024** оқу жылы басталғаннан бері 16 педагог біліктілікті арттыру курсынан өтті. Кемінде үш жылда бір рет басшы, басшы орынбасарларының біліктілік арттыру курстарынан өту үлесі 100%, педагогтердің үлесі 100%.

«Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №95 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 қазандағы №415 бұйрығына сәйкес ағымдағы оқу жылында біліктілікті арттыру курсынан өтетін мұғалімдер тізімі көрсетілген сұраныс Тасқала ауданы білім беру бөліміне жіберіліп, жоспар бойынша өтеді.

Педагогтерді кәсіби шығармашылыққа, ізденіске ынталандыру, бәсекелес орта тудыру бағытында мектепте жыл сайын кәсіби рейтинг жүргізіледі. Рейтинг қорытындысымен педагогтердің кәсіби нәтижелілігі бақыланады. Тынымсыз еңбек пен шығармашылық жұмыс нәтижесінде облыстық «Үздік педагог» атағының 3 орын иегері - 1 педагог, ведомстволық наградалар: «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісінің иегері - 1 педагог, «Б.Алтынсарин» төсбелгісінің иегері - 1 педагог, «Батыс Қазақстан облысының білім беру саласына қосқан үлесі үшін төсбелгісінің иегері» - 1 педагог атанды.

**-мемлекеттік білім беру ұйымы басшыларының үш жылда бір рет аттестаттаудан өткендігі туралы мәліметтер:**

Үш жылда бір реттен сиретпей басшы, басшы орынбасарларының біліктілік санаттарын арттырып отыру үлесі 100%, бес жылда бір реттен сиретпей біліктілік санаттарын арттырып немесе растап отырған педагогтердің үлесі 100%.

Мектеп директоры бірінші біліктілік санатты басшысының орынбасары біліктілік санатында (№ 734 31.12.2020), тәрбие ісі жөніндегі орынбасары екінші санатты басшысының орынбасары біліктілік санатында (№90 02.02.2021).

№	Аты-жөні	Біліктілік туралы куәліктің №	Алған санаты	Жарамды
1	Бисалиева Акканым Талаповна	№19, 31.12.2020ж. Бұйрық № 734	I	31.12.2023ж
2	Дакишева Айнагуль Наримановна	№158, 02.02.2021ж. Бұйрық №90	II	31.12.2023ж

2023-2024 оқу жылында Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Тасқала ауданының білім беру бөлімінің 2023 жылғы 26 желтоқсандағы №605 бұйрығы негізінде мектеп директоры **Бисалиева А.Т. (бірінші санатты)** мен директор орынбасары **Дакишева А.Н.**

**(екінші санатты)** қолданыстағы біліктілік санаттары келесі аттестаттау кезеңіне (2024 жылғы қаңтар-маусым) дейін 2023 жылғы 26 желтоқсандағы №135 бұйрығымен ұзартылды *(бұйрық көшірмесі беріледі)*. Оқу ісінің орынбасары Сараева Г.Г. мен бейін ісі орынбасары Иманғалиева Л.А. еңбек өтілі 2 жыл 2 ай, сол себептен биылғы оқу жылында басшылық санатын тағайындауға өз өтініштерін беруді жоспарлауда.

**-кемінде бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру /растау туралы мәліметтер/:**

**2021-2022 оқу жылында** барлығы 43 педагог қызмет атқарды. Бастауыш білім беру жоқ. Негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру деңгейлерінде 43 мұғалім сабақ берді. Оның ішінде 2 - педагог-шебер, 18 – педагог-зерттеуші, 12 - педагог-сарапшы, 4 - жоғары санатты педагогтер, үлесі 84%.

**2022-2023 оқу жылында** барлығы 42 педагог қызмет атқарды. Бастауыш білім беру жоқ. Негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру деңгейлерінде 42 мұғалім сабақ берді. Оның ішінде 2-педагог-шебер, 16 педагог-зерттеуші, 10 педагог-сарапшы, 1 бірінші санатты педагогтер, үлесі 69% құрады.

**2023-2024 оқу жылында** барлығы 43 педагог қызмет атқарады. Бастауыш білім беру жоқ. Негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру бойынша 42 педагог сабақ береді, 1-еуі педагог-психолог. Оның ішінде 2-педагог-шебер, 16 педагог-зерттеуші, 10 педагог-сарапшы, 1 бірінші санатты педагогтер үлесі 69% құрады.

Біліктілік санатын беру (растау) туралы куәліктерді тіркеу және беру журналы бар. Мектеп бойынша педагогтардың біліктілік санаттарын арттыру бағытында перспективті жоспар құрылып, жұмыс жүргізілуде. 2021-2022 оқу жылында 1 педагог аттестаттаудан өтіп, педагог-модератор санаты берілді. 2022-2023 оқу жылында 10 мұғалім аттестаттаудан өтті. 4 педагог педагог-зерттеуші, 1 педагог педагог-сарапшы біліктілік санатын растады, 2 педагогке педагог-сарапшы, 1 педагогке педагог-модератор санаты берілді, 1 педагог педагог-модератор санатына және 1 педагог бірінші санатқа төмендетілді.

Заңнамаға сәйкес педагог қызметкерлері 5 жылда бір реттен сиретпей біліктілігі мен білімін растап және санатын көтеріп отыр.

**2021-2022 оқу жылында информатика пәні мұғалімі Сараева Г.Г.** декреттік және бала күтімі демалысында болуына байланысты, Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министірінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығының 46 тармағына және ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылы 12 қарашадағы №561 бұйрығына сәйкес және ереженің 1 параграфтың 86 тармағына сәйкес 2022 жылғы 18 мамырдағы №40 бұйрығымен «жоғары» біліктілік санаты бір жылға ұзартылып, 2022-2023 оқу жылы Батыс Қазақстан облысының білім басқармасының 2023 жылғы 31 тамыздағы №767бұйрығының 1-қосымшасына сәйкес 2023 жылдың 31 тамыздағы №91 бұйрығымен жоғары санаттан бірінші санатқа төмендетілді. *(бұйрықтар қоса тіркеледі)*

**2022-2023 оқу жылында** зейнеткерлік жасқа дейін орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдеріне Шукурова Г.К. (педагог- зерттеуші) – 2 жыл және Суханова М.И. (педагог-зерттеуші) – 2 жыл 4 ай, ағылшын тілі пәні мұғалімі Есеркенова С.Т. (педагог-зерттеуші) - 2 жыл қалуларына байланысты Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министірінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығының 50 тармағына сәйкес зейнеткерлікке дейін төрт жылдан аспайтын уақыт қалуына байланысты аттестаттау рәсімінен өз өтініштеріне негізінде босатылып, қолда бар педагог-зерттеуші біліктілік санаттары зейнеткерлік жасқа толғанға дейін 2023 жылдың 24 мамырдағы №43-НҚ бұйрығымен сақталды. Көркем еңбек пәні мұғалімі Бекеева Ж.Б. Батыс Қазақстан облысының білім басқармасының 2023 жылғы 31 тамыздағы №767бұйрығының 1-қосымшасына сәйкес 2023 жылдың 31 тамыздағы №91 бұйрығымен педагог-сарапшы санатынан педагог- модератор санатына төмендетілді *(Бұйрықтар қоса тіркеледі)*.

**2024 жылы 01 қаңтарда біліктілік санаттарының қолданылу мерзімі аяқталатын педагогтердің қолданыстағы біліктілік санаттары ұзартылуы бойынша мәлімет:**

**2023-2024 оқу жылында** біліктілік санатының қолданылу мерзімі Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 3 қазандағы №2-15-3/5835-И хатына

(2023 жылы қыркүйек-желтоқсан айындағы педагогтерді аттестаттау тоқтатылуына байланысты, қолданылу мерзімі 2023 жылғы желтоқсанда аяқталатын педагогтердің қолданыстағы біліктілік санаттары 2024 жылғы қаңтар-маусым айының аттестаттау кезеңіне дейін ұзартылады) сәйкес 2023жылдың 14 желтоқсандағы №134-НҚ бұйрығымен *көркем еңбек пәні мұғалімі Бекеева Ж.Б.* педагог-модератор санаты, *информатика пәні мұғалімі Сараева Г.Г.* бірінші санаты, *ағылшын тілі пәні мұғалімі Мулдашева А.Е.* педагог-сарапшы санаты, *дене шынықтыру пәні мұғалімі Нагиев Қ.С.* педагог-зерттеуші санаты, *АӘД пәні мұғалімі Танбаев Ж.Қ.* педагог-сарапшы санаты, *химия пәні мұғалімі Ахметова А.Н.* педагог-сарапшы санаты ұзартылды (*Бұйрықтар қоса тіркеледі*).

**2021-2022 оқу жылы**

р/с	Тегі, аты, әкесінің аты	Лауазымның және берілген/ расталған біліктілік санатының атауы	Аттестаттау комиссиясы шешімінің күні
1	Шайхиева Сандуғаш Габдисиховна	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	Педагог-модератор, 22.08.2022ж. №284

**2022-2023 оқу жылы**

р/с	Тегі, аты, әкесінің аты	Лауазымның және берілген/ расталған біліктілік санатының атауы	Аттестаттау комиссиясы шешімінің күні
1	Бисалиева Акканым Талаповна	Математика пәні мұғалімі	Педагог-зерттеуші, 31.08.2023ж.№767
2	Иманғалиева Лида Абаевна	Ағылшын тілі пәні мұғалімі	Педагог-зерттеуші, 31.08.2023ж.№767
3	Күлшариева Бибігүл Сағиндыққызы	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	Педагог-зерттеуші, 31.08.2023ж.№767
4	Бекентаева Айғаным Қалесқызы	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	Педагог-зерттеуші, 31.08.2023ж.№767
5	Дуимбаев Арнур Аханович	Дене шынықтыру пәні мұғалімі	Педагог-сарапшы, 31.08.2023ж.№767
6	Нұрым Нұрхат Ербайұлы	Математика пәні мұғалімі	Педагог-сарапшы, 31.08.2023ж.№767
7	Исламғалиева Лунара Маликовна	Математика пәні мұғалімі	Педагог-сарапшы, 31.08.2023ж. №767
8	Жасанғалиев Райымбек Әділбекұлы	Дене шынықтыру пәні мұғалімі	Педагог-модератор 29.08.2023ж. №378

**-білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен конкурстар мен жарыстардың соңғы бес жылдағы аудандық және/немесе облыстық кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (бар болған жағдайда) туралы мәліметтер:**

Оқу жылы	Дайындаған мұғалім	Қатысқан оқушы	Халықаралық	Республикалық	Облыс	Аудан
2021-2022	34	83	0	31	53	113
2022-2023	42	123	9	63	84	210
2023-2024	38	128	0	21	84	112

(Конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер жөніндегі кесте қоса берілді)

Жыл сайын мұғалімдер мен оқушылардың нәтижелері артып келеді, бұл олардың шығармашылық, ізденіс жұмыстарымен көп айналысатынын көрсетеді. Дарынды оқушылармен жұмыс барысында сабақтардың сапалы жүргізілуінің нәтижесінде көрсетілген жылдар барысында қомақты жетістіктерді атап өтуге болады. Байқаулар мен олимпиада, ғылыми жоба және басқа да зияткерлік сайыстарға оқушылардың қатысы 2020-2021 жылы 83 оқушы болса, келесі 2022-2023 оқу жылы 123 оқушыға өсті, ал биылғы 2023-2024 оқу жылында 128 оқушы сайыстарға қатысуға ынталанған болатын. Соның ішінде 2021-2022 оқу жылында аудандық деңгейдегі жетістік саны - 113, облыстық деңгейдегі жетістік саны – 53, республикалық деңгейдегі жетістік саны - 31 болған. Ең нәтижелі жыл ретінде 2022-2023 оқу жылын атауға болады, себебі аудандық деңгейдегі жетістік саны - 210, облыстық деңгейдегі – 84, ал республикалық – 63, халықаралық нәтиже 9 жетті. Биылғы 2023-2024 оқу жылында да оқушылар сайыстарға белсенді қатыса отырып, аудандық - 112, облыстық - 84 және республикалық - 21 жүлделі орынды иеленді. Жыл сайын оқушыларымыз облыстық «Апельсин» физика-техникалық турнирі және облыстық А.Тайманов атындағы «Ақ желкен» математикалық регатасынан жүлделі орындарға ие. Облыстық пәндік олимпиада бойынша былтырғы оқу жылында 9-11 сыныптар арасында 2 оқушымыз география және математика пәнінен 1 орын алып, республикалық кезеңге қатысты. Ал, биылғы оқу жылында химия және биология пәнінен 1 орынды жеңіп алып, республикалық кезеңге жолдама алды. Сонымен қатар ауыл олимпиадасы бойынша да облыстық кезеңнен биология, химия және тарих пәндерінен 1 орын алып, республикалық кезеңнен де оқушыларымыз 1 орын жеңімпазы атанды. Оқушыларымыз тек олимпиада, зияткерлік сайыс, байқауларға қатысып қана қоймай, ғылыми зерттеу жұмыстарына белсене араласып, қатысуда. 5-7 сынып оқушыларына арналған «Зерде», «Ғылым әлемін ашамыз» ғылыми жобалардан да облыстық деңгейде жүлделі орындарға ие.

#### Мұғалімдердің жеке жетістіктері:

Оқу жылы	Мұғалімдер саны	Пайызы	Жалпы	Халықаралық	Республикалық	Облыс	Аудан
2021-2022	43/19	44%	31	2	13	10	6
2022-2023	42/35	83%	73	1	33	25	13
2023-2024	42/38	82%	111	7	46	29	29

*«Мұғалімдер мен оқушылар жетістіктері» қосымшасында тізімдері берілді.*

**Педагогтер өз қызметіне қатысты инновациялық технологияларды, жаңа білім берудегі трендтер жақсы меңгеру нәтижесінде түрлі сайыстар мен байқаулардың жүлдегерлері атанып келеді. Атап айтсақ:**

#### **2021-2022 оқу жылында**

**Аудандық** деңгейде: ағылшын тілі пәні Мулдашева АЕ “*Inspiring teachers*” конкурсы - 1 орын, Дакишева А.Н. – *Өзін өзі тану пәні* олимпиадасынан – 1 орынға ие. Облыстық LS: Quest байқауында – 1 орын; командалық есепте – 1 орын: Бисалиева АТ, Дуйсенова АС, Шайхиева СГ, Иманғалиева ЛА, Сараева ГГ, Нұрым Н.Е.

**Облыстық** өзін – өзі тану пәні мұғалімі Дакишева А.Н. – «Шығармашыл ұстаз» номинациясымен, информатика пәні мұғалімі Сараева ГГ –“Қайсар бағдарламашы” номинациясымен марапатталды.



**Халықаралық VIII international Creativity Contest for teachers of mathematics, physics and computer science** шығармашылық байқауына математика пәні мұғалімі Айсағалиев А.С. қатысып, жүлделі 3 орынды иеленді.

### **2022-2023 оқу жылында**

**Аудандық деңгейде:** география пәні мұғалімі Курманиязова А.А. «Музей - экскурсиялық аймақ» номинациясы бойынша I орын, тарих пәні мұғалімі Шапиков Н.М. «Музей – жол серігі» номинациясы бойынша I орын, дене шынықтыру пәні мұғалімі Нагиев Қ.С. «Үздік дене шынықтыру пәні мұғалімі» номинациясын иеленді.

**Облыстық** математикалық регатасында математика пәні мұғалімдері Нұрым Н.Е, Курманиязова М.Қ, Самифоллин А.С, Айсағалиев А.С «Үздік математиктер» номинациясын иеленді. «Педагогикалық идеялар панорамасы» байқауына информатика пәні мұғалімі Сиражева А.С. -3 орын, информатика пәні мұғалімі Садыкова А.Д – 2 орын, биология пәні мұғалімі Шакирова Э.М. – 3 орын, ағылшын тілі пәні мұғалімі Мулдашева А.Е. – 1 орынды иеленді. Аймақтық “Team leaders” ҚР Батыс өңірі жетекші мектептерінің VI аймақтық форумы аясындағы I аймақтық жетекші мектеп командаларының олимпиадасы «Сәулет» мектеп–лицейі 2 орын иеленгені үшін Дипломмен марапатталды.

**Республикалық** ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасының тестілерінен спорттық байқауға дене шынықтыру пәні мұғалімі Нагиев Қ.С қатысып, оқ атудан - 3 орын, төзімділікке жүгіруден 2 орын, қысқа қашықтыққа жүгіруден 3 орын, күш гимнастикасынан 1 орынға ие.

Халықаралық математика пәні мұғалімі Исламғалиева Л.М. IX халықаралық шығармашылық байқаудан 2 орынға ие болды.

### **2023-2024 оқу жылында**

**Аудандық** «Педагогикалық идеялар фестивалі» сырттай конкурсының «Шеберлік палитрасы» бағыты бойынша ағылшын тілі пәні мұғалімі Мулдашева А.Е. -3 орын, Ғабит оқуларының “Ана – өмірдің тірегі” аталымы бойынша эссе жазу байқауына география пәні мұғалімі Курманиязова А.А. - 2 орын, Ы.Алтынсарин 182 жылдығына арналған «Даланың алып қоңырауы» мәнерлеп оқу байқауында Ыбырай өлеңдері мен әңгімелерін мәнерлеп оқу сайысынан қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Камидуллаева А.Н. - 1 орынды иеленді. “Ғ.Мүсірепов шығармашылығындағы ана бейнесі” аталымы бойынша Ғ.Мүсіреповтің шығармаларын мәнерлеп оқу байқауынан биология пәні мұғалімі Нұрым А.С. – 2 орын, “Үздік сынып жетекші-2023” байқауына математика пәні мұғалімі Самифоллин А.С. – 3 орын, «Үздік авторлық бағдарлама» байқауына математика пәні мұғалімі Курманиязова М.Қ – 2 орынға ие.

**Облыстық** “Математика, физика және информатика пәндері мұғалімдерінің арасында аудандық шығармашылық байқауына» математика пәні мұғалімі Нұрым Н.Е. “Зерделі ұстаз” номинациясымен марапатталса, физика пәні мұғалімі Дуйсенова А.С. -1 орынды иеленді. “The Millennial Teacher” шығармашылық байқауына қазақ тілі пәні мұғалімдері Күлшариева Б.С., Бекентаева А.Қ., орыс тілі пәні мұғалімі Курмышева Ж.Е. және ағылшын тілі пәні мұғалімі Мулдашева А.Е. қатысып, “Алғыс хатпен” марапатталды. «Педагогикалық идеялар панорамасы» олимпиадасына ағылшын тілі пәні мұғалімі Кондудаева Д.Ж. 3 орынға ие. «Математикалық регата» турниріне математика пәні мұғалімдері Тлеуова Р.К., Айсағалиев А.С., Курманиязова М.Қ., Нұрым Н.Е. қатысып, жүлделі 1 орынды иеленді. «Жер иесі» сырттай байқауы «Үздік жасыл мектеп» номинациясы бойынша биология пәні мұғалімдері Шакирова Э.М., Нұрым А.С. -3 орынды иеленді.

**Халықаралық X** Халықаралық математика және физика пәні мұғалімдерінің шығармашылық байқауына математика пәні мұғалімдері Самифоллин А.С., Нұрым Н.Е., Айсағалиева А.С. жоғары нәтиже көрсетіткені үшін Алғыс хатпен марапатталды.

**-кемінде 3 жылда бір рет басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер:**

*Мектеп басшысы Бисалиева А.Т.* «Білім берудегі менеджмент» 80 сағаттық біліктілікті арттыру курсы өтті - 08.05.2023ж, 2020 жылы ҚР жалпы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру курсынан өтті, биыл 2023-2024 оқу жылында «Мектептегі басқарудың



инновациялық менеджменті» орта білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша (430сағ) курсы өтуде(23.10.2023-05.04.2024ж) (оқып жатқан бұйрығы қоса тіркелді).

Оқу ісі жөніндегі орынбасары Сараева Г.Г. «Білім беруді цифрлық трансформациялау жағдайындағы инновациялық менеджмент» біліктілік арттыру (80с) курсы аяқтады - 21.10.2022ж, «Білім берудегі менеджмент» 80 сағаттық біліктілікті арттыру курсы өтті-26.01.2024ж.

Бейін жұмысы жөніндегі орынбасары Иманғалиева Л.А. «Жаһандану жағдайында орта білім беру жүйесінде этномәдени құзыреттілікті дамыту» тақырыбында біліктілікті арттыру курсы аяқтады – 13.10.2023ж, «Білім берудегі менеджмент» 80 сағаттық біліктілікті арттыру курсы өтті-26.01.2024ж.

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Дақишева А.Н. «Білім берудегі менеджмент» 80 сағаттық біліктілікті арттыру курсы өтті-26.01.2024ж.

Кемінде үш жылда бір рет педагогтер біліктілік арттыру курстарына бармай, уақыттары өтіп кеткен мұғалімдер жоқ. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі/ тәлімгер Камидуллаева А.Н. еңбек өтілі 2 жыл 10 ай, физика пәні мұғалімі Ерболатов Н.Б.еңбек өтілі 1 жыл 4 ай жас мамандарымыз еңбек өтілінің толмауына байланысты біліктілік арттыру курстарына жіберілмеді. Алдағы уақытта осы аталған мұғалімдерді біліктілік арттыру курсына жіберу жоспарлануда, перспективалық жоспарда тұр.

Мұғалімнің кәсіби біліктілігі мен оқушының жеке тұлғасына бағытталған сапалы білім берудегі инновациялық ізденіс жұмыстары жаңартылған білім беру мазмұны аясында жүзеге асырылды. Педагогтердің білімін арттыруға ерекше көңіл бөлінді.

### III. Білім алушылар контингенті

#### 1) Білім алушылар контингентінің сандық құрамы:

оқыту кезеңдері	2021 -2022 о.ж		2022 -2023 о.ж		2023-2024 о.ж	
	саны		саны		Саны (26.01.2024)	
	оқушы	сынып	оқушы	сынып	оқушы	сынып
негізгі мектеп	193	14	218	15	222	14
орта мектеп	54	4	49	4	56	4
мектеп бойынша барлығы	247	18	267	19	278	18

**2021-2022 оқу жылының деңгейлер бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтер:**

Мектептегі оқушылар саны – 247. Деңгейлермен айтатын болсақ:

– Орта буында 14 сынып-комплект, онда 193 оқушы. Ерекше білімді қажет ететін оқушы жоқ;

– Жоғары буында 4 сынып-комплект, 54 оқушы. Ерекше білімді қажет ететін оқушы жоқ.

**2022-2023 оқу жылының деңгейлер бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтер:**

Мектептегі оқушылар саны – 267. Деңгейлермен айтатын болсақ:

– Орта буында 15 сынып-комплект, онда 218 оқушы. Өткен оқу жылымен салыстырғанда 25 оқушыға артып отыр. Ерекше білімді қажет ететін оқушы жоқ;

– Жоғары буында 4 сынып-комплект, 49 оқушы. Өткен оқу жылымен салыстырғанда 5 оқушыға кеміп отыр. Ерекше білімді қажет ететін оқушы жоқ.

**2023-2024 оқу жылының деңгейлер бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтер (26.01.2024):**

Мектептегі оқушылар саны – 278. Деңгейлермен айтатын болсақ:

– Орта буында 14 сынып-комплект, онда 222 оқушы. Өткен оқу жылымен салыстырғанда 4 оқушыға артып отыр. Ерекше білімді қажет ететін оқушы жоқ;

– Жоғары буында 4 сынып-комплект, 56 оқушы. Өткен оқу жылымен салыстырғанда 7 оқушыға артып отыр. Ерекше білімді қажет ететін оқушы жоқ.

## 2) Сыныптардың толымдылығы туралы мәліметтер:

Мектеп бойынша 2021-2023 жылдары сыныптар толымдылығы бойынша көрсеткіш. Сыныптар толымдығы оқушылар контингентінің тұрақтылығына байланысты көбіне сақталады.

Оқу жылы	Бастауыш сыныптар		Негізгі мектеп		Орта мектеп		Мектеп бойынша барлығы	
	Оқушы саны	Сыныптар толымдылығы	Оқушы саны	Сыныптар толымдылығы	Оқушы саны	Сыныптар толымдылығы	Оқушы саны	Сыныптар толымдылығы
2021-2022	0	0	193	13,7	54	13,5	247	13,7
2022-2023	0	0	218	14,4	49	12,3	267	14
2023-2024	0	0	222	16	56	14	278	15,5

## 3) Білім алушылар контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер:

**2021-2022** оқу жылында мектепке қабылдау емтиханының қорытындысы бойынша барлығы 66 оқушы қабылданып, оқу жылының басында оқушы контингенті 247 оқушыны құрады. Оқу жылы барысында 1 оқушы келді, 10 оқушы басқа білім беру ұйымдарына ауысты. Қозғалыс есебі нәтижесінде 2021-2022 оқу жылы 238 оқушымен аяқталды (*түбіртектер мен бұйрықтар көшірмелері салынды*).

**2022-2023** оқу жылында мектепке қабылдау емтиханының қорытындысы бойынша барлығы 73 оқушы қабылданып, оқу жылының басында оқушы контингенті 267 оқушыны құрады. Оқу жылы барысында 4 оқушы келді, 13 оқушы басқа білім беру ұйымдарына ауысты. Қозғалыс есебі нәтижесінде 2022-2023 оқу жылы 258 оқушымен аяқталды (*түбіртектер мен бұйрықтар көшірмелері салынды*).

**2023-2024** оқу жылында мектепке қабылдау емтиханының қорытындысы бойынша барлығы 100 оқушы қабылданды, оқу жылының басында оқушы контингенті 289 оқушыны құрады. Осы күнге дейін 4 оқушы келіп, 15 оқушы басқа білім беру ұйымдарына ауысты. Қазіргі таңда (26.01.2024) барлығы 278 оқушы (*түбіртектер мен бұйрықтар көшірмелері салынды*).

## IV. Оқу – әдістемелік жұмыс.

**Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:**

- **білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарының, сабақ кестелерінің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының және бастауыш, негізгі орта және орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының болуы және оларға сәйкестігі:**

Мектептің 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарының жылдық жұмыс жоспарлары бар. Жұмыс жоспарлары Батыс Қазақстан облысы білім басқармасымен, Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы білім беру бөлімімен келісіліп, мектеп басшысымен бекітілген.

**2021-2022 оқу жылында мектеп – лицейінің** оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2020 жылғы 28 тамыздағы №372 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген); Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) негізінде құрылды.

**5-9 -сыныптарда** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2020 жылғы 28 тамыздағы №372 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген),

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген оқыту қазақ тілінде жүргізілетін лицей сыныптарына арналған жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесі) үлгілік оқу жоспарларының (2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) 19-қосымшасы басшылыққа алынды.

**10-11 сыныптарда** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2020 жылғы 28 тамыздағы №372 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген оқыту қазақ тілінде жүргізілетін лицей сыныптарына арналған жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесі) үлгілік оқу жоспарларының (2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) 27-қосымшасы басшылыққа алынды.

**2022-2023 оқу жылында** білім беру процесін ұйымдастыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2022 жылғы 12 наурыздағы №365 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) басшылыққа алынды.

**5-9 -сыныптарда** Негізгі сатының жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта және жалпы орта білім берудің оқыту қазақ тілінде жүргізілетін лицей сыныптарына арналған негізгі орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесі) үлгілік оқу жоспарларының (2022 жылғы 12 наурыздағы №365 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) 19-қосымшасы негізінде жасалды.

2022-2023 оқу жылында үлгілік оқу жоспарлары вариативтік компоненті есебінен «Жаһандық құзыреттіліктер» таңдау курстарына 5-8-сыныптарда 0,5 сағаттан, 9 сыныптарға 1 сағаттан бөлінді.

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығына және Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының 2022 жылғы 7 қарашадағы №2-7/5442 хатына сәйкес ІІ тоқсаннан бастап негізгі сатының жоспары «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 тамыздағы №412 бұйрығымен бекітілді. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін гимназия/лицей сыныптарына арналған негізгі орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесі) үлгілік оқу жоспарының 16-қосымшасы негізге алынды.

**10-11 сыныптарда** Жоғарғы саты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта және жалпы орта білім берудің оқыту қазақ тілінде жүргізілетін лицей сыныптарына арналған негізгі орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесі) үлгілік оқу жоспарларының (2022 жылғы 12 наурыздағы №365 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) 27-қосымшасы негізінде жасалды.

**2022-2023 оқу жылында** үлгілік оқу жоспарлары вариативтік компоненті есебінен «Жаһандық құзыреттіліктер» таңдау курстарына 10-11-сыныптарда 1 сағаттан бөлінді.

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығына және Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының 2022 жылғы 7 қарашадағы №2-7/5442 хатына сәйкес ІІ тоқсаннан бастап негізгі сатының жоспары «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 тамыздағы №412 бұйрығымен бекітілді. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін гимназия/лицей сыныптарына арналған негізгі орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесі) үлгілік оқу жоспарының 24-қосымшасы негізге алынды.

**2023-2024 оқу жылында** білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта

білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. №406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен); «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.09.2022 ж. №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен); «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022ж. №467, 05.07.2023ж. №199 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен; 2023-2024 оқу жылындағы Қазақстан Республикасы орта білім беру ұйымдарындағы оқу тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы ӘНХ 2023 жылғы 25 сәуірдегі №3 хаттамасы басшылыққа алынды және оқу-тәрбие процесі келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырылды.

**5-9–сыныптарда.** Негізгі сатының жоспары 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйек №412 бұйрығымен бекітілген оқыту қазақ тілінде жүргізілетін гимназия/лицей сыныптарына арналған негізгі орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесі) үлгілік оқу жоспарының 19-қосымшасы басшылыққа алынды.

**10-11-сыныптарда.** Жоғарғы сатының жоспары 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамызындағы №264 бұйрығымен бекітілген оқыту қазақ тілінде жүргізілетін гимназия/лицей сыныптарына арналған негізгі орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесі) оқу жұмыс жоспарының 27-қосымшасы басшылыққа алынды.

3 жылдың оқу жоспарлары сараланды. Оқу жоспарлар білім салалары және оқу пәндері дұрыс жазылған, апталық сағат сандары дұрыс, жалпы апталық, жылдық жүктемелер дұрыс есептелгені анықталды. *(оқу жоспарлары жалғанып салынды)*

**- жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру:**

**2021-2022 оқу жылы**

**Негізгі орта білім беру**

Негізгі орта білім берудің оқу жоспары оқыту тілдеріне қарай Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығының 19 қосымшасы негізінде төмендетілген оқу жүктемесімен жүзеге асырылды.

Негізгі саты екі сатыға бөлінеді: негізгі орын алатын 5-6 сыныптар және 7-9 сыныптар(бейін алдындағы сыныптар). 5-6 сыныптарда оқытудың мақсаты: пәндерді тереңдетіп оқытуға және бейін пәндерді таңдауға даярлық білім негізін меңгереді. 7-9 сыныптарда жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерді кеңейтіп және тереңдетіп оқыту жүзеге асады. Негізгі саты күрделі танымдық процестерге өту үшін арнайы бейім мен дағдыны қалыптастыратын білім мазмұнын байыту және жеделдету стратегиясына бағытталған базалық білім беруді, жалпы дамуды және арнайы курстарды таңдауды, оқушылардың жеке оқу бағдарламасын құру үшін мүмкіндіктер жасауды, білім беру саласына сәйкес ерте бейіндендіруді жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

**«Тіл және әдебиет»** білім беру саласы:

"Тіл және әдебиет" білім беру саласының мазмұны "Қазақ тілі", "Қазақ әдебиеті" және "Орыс тілі мен әдебиеті", "Шетел тілі" пәндері арқылы жүзеге асырылды.

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша сағат саны														Жүктеме, сағат	
		5а	5ә	6а	6ә	6б	7а	7ә	7б	8а	8ә	8б	9а	9ә	9б	Апта-лық	Жыл-дық
<b>Инварианттық компонент</b>																	
<b>I</b>	<b>Тіл және әдебиет</b>	<b>11</b>	<b>11</b>	<b>11</b>	<b>11</b>	<b>11</b>	<b>10</b>	<b>10</b>	<b>10</b>	<b>10</b>	<b>10</b>	<b>10</b>	<b>10</b>	<b>10</b>	<b>10</b>	<b>145</b>	<b>4930</b>
1	Қазақ тілі	3	3	3	3	3	2	2	2	2	2	2	2	2	2	33	1122
2	Қазақ әдебиеті	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	28	952
3	Орыс тілі мен әдебиеті	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	42	1428

4	Шетел тілі	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	42	1428
---	------------	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	----	------

«Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасы функционалдық-коммуникативтік бағытқа негізделіп құрастырылды. «Қазақ тілі» пәні бойынша жиынтық бағалау жүргізу кезінде тоқсан сайын 2 БЖБ, 1ТЖБ өткізілді. Яғни, оқу жылына әр сыныпта барлығы 8 БЖБ мен 4 ТЖБ өткізілді.

«Қазақ әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламасы үш негізгі дағдыны басшылыққа алады: 1) түсіну және жауап беру; 2) анализ және интерпретация; 3) бағалау және салыстыру. «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша жиынтық бағалау жүргізу кезінде тоқсан сайын 2 БЖБ, 1ТЖБ өткізілді. Яғни, оқу жылына әр сыныпта барлығы 8 БЖБ мен 4 ТЖБ өткізілді.

«Орыс тілі мен әдебиеті» пәндерін оқыту оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеудегі коммуникативті дағдыларын дамытуды көздейді. Тілдік пәндер үшін бөлім бойынша жиынтық бағалау сөйлеу әрекетінің екі түрін біріктіреді (мысалы, тыңдау және сөйлеу, оқу мен жазу). Барлық 5-9 сыныптарда тоқсан сайын 2 БЖБ, 1 ТЖБ өткізілді. Яғни, оқу жылына әр сыныпта барлығы 8 БЖБ мен 4 ТЖБ өткізілді.

«Шетел тілі» оқу пәні бойынша оқу процесі ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарының төмендетілген оқу жүктемесімен (2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) жүргізілді. Мектеп-лицей бойынша шетел тілі ретінде - ағылшын тілі пәні оқытылып келеді. 5-9 сыныптарда ТЖБ тілдік құзыреттіліктің барлық түрлерін: тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылымды тексеруді қамтиды. ТЖБ ұзақтығы - 45 минут. «Айтылым» дағдысы бөлек тексеріледі.

«Математика және информатика» білім беру саласының мазмұны 5-6 сыныптарда «Математика», 7-9-сыныптарда «Алгебра», «Геометрия» және 5-9-сыныптарда «Информатика» оқу пәндерінің аясында іске асырылды.

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша сағат саны													Жүктеме, сағат		
		5а	5ә	6а	6ә	6б	7а	7ә	7б	8а	8ә	8б	9а	9ә	9б	Апта лық	Жылд ық
<b>Инварианттық компонент</b>																	
<b>II</b>	<b>Математика және информатика</b>	<b>6</b>	<b>6</b>	<b>6</b>	<b>6</b>	<b>6</b>	<b>4</b>	<b>4</b>	<b>4</b>	<b>4</b>	<b>4</b>	<b>4</b>	<b>4</b>	<b>4</b>	<b>4</b>	<b>66</b>	<b>2244</b>
5	Математика	5	5	5	5	5	-	-	-	-	-	-	-	-	-	25	850
6	Алгебра	-	-	-	-	-	2	2	2	2	2	2	2	2	2	18	612
7	Геометрия	-	-	-	-	-	1	1	1	1	1	1	1	1	1	9	306
8	Информатика	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	14	476

Оқу бағдарламаларына сәйкес негізгі орта білім беру деңгейінде «Математика», «Алгебра», «Геометрия» пәндерін оқытудың мақсаты – пән мазмұнын сапалы игеруді қамтамасыз ету, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту, ғылыми-жаратылыстану пәндерін игеруге қажетті математикалық білім мен дағдылардың негіздерін игеру, оқу пәні материалдары негізінде білім алушылардың интеллектуалдық деңгейін дамыту болып табылады.

5-6-сыныптарда оқытылатын «Математика» пәнінің білім мазмұнында пәнді әрі қарай жалғастыруға қажетті материалдар игерілетін болғандықтан оқыту жүктемесін төмендету бұл сыныптарда қарастырылмаған, яғни оқу жоспарларында аптасына бөлінген 5 сағат оқу жүктемесі сақталған. «Математика» пәні бойынша БЖБ саны - 5-сыныпта 1,3,4-оқу тоқсандарында 3 рет, ал 2-оқу тоқсанында 1 рет өткізіліп, әр тоқсан сайын 1 ТЖБ өткізілді.

ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, оларға аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидалары» бойынша жиынтық бағалау тоқсанына үш реттен артық өткізілмейді және бөлімді екі кезеңде өткізуге болады.

Төмендетілген оқу жүктемесімен оқу жоспарына сәйкес 7-9-сыныптарда «Геометрия» пәнінің апталық жүктемесі 1 сағатты құрады. Сондықтан, ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне

ағымдағы бақылау, оларға аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидаларына» сәйкес осы оқу жоспарымен оқытылатын «Геометрия» пәні бойынша тоқсандық жиынтық бағалау өткізілмеді, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылды.

5-9 сыныптардағы «**Информатика**» пәнін оқыту білім алушыларды қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды практикада тиімді пайдалану үшін компьютерлік жүйелер, ақпараттық процестер, компьютерлік ойлау саласындағы базалық біліммен және дағдылармен қамтамасыз етуге бағытталған. ҚР БҒМ «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі ережесін бекіту туралы» 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына сәйкес оқу жүктемесі аптасына 1 сағат болған жағдайда БЖБ бөлімдерді біріктіре отырып, бір тоқсанда екі реттен артық өткізілмейді, қорытынды баға жарты жылда қойылады. Осы тармаққа сәйкес 5-9 сыныптағы «Информатика» оқу пәнінен тек бөлім бойынша жиынтық бағалау жүргізілді және қорытынды баға жарты жылдыққа шығарылды.

«**Жаратылыстану**» білім саласы. Жаратылыстану-ғылыми білім берудің мақсаты – табиғат құбылыстарын зерттеуде жүйелілік, сабақтастық принциптерін түсіну, ғылыми парадигманың өзгеруі жағдайында ғылыми дүниетаным мен әлемнің заманауи көрінісін қалыптастыру. Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламалары білім алушыларда міндеттерді анықтау, бақылау, болжау, жіктеу, талдау сияқты табиғатты танып, білу дағдыларын қалыптастырады.

Негізгі орта білім беру деңгейінде аталған білім саласы «Жаратылыстану», «Физика», «Химия», «Биология», «География» оқу пәндері аясында төмендетілген оқу жүктемесі көлемінде жүзеге асырылды.

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша сағат саны														Жүктеме, сағат	
		5а	5ә	6а	6ә	6б	7а	7ә	7б	8а	8ә	8б	9а	9ә	9б	Апта лық	Жылд ық
<b>Инварианттық компонент</b>																	
III	Жаратылыстану	1	1	1	1	1	4	4	4	4	4	4	4	4	4	41	1394
9	Жаратылыстану	1	1	1	1	1	-	-	-	-	-	-	-	-	-	5	170
10	Физика	-	-	-	-	-	1	1	1	1	1	1	1	1	1	9	306
11	Химия	-	-	-	-	-	1	1	1	1	1	1	1	1	1	9	306
12	Биология	-	-	-	-	-	1	1	1	1	1	1	1	1	1	9	306
13	География	-	-	-	-	-	1	1	1	1	1	1	1	1	1	9	306

7-9-сыныптарда физика, химия, биология оқу пәндерінен оқу бағдарламасы бойынша қарастырылған зертханалық, практикалық жұмыстар мен модельдеу жұмыстары орындалды, күнтізбелік-тақырыптық жоспарда көрсетілді.

«**Адам және қоғам**» білім беру саласының оқу пәндерінің мазмұны «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері» және «Өзін-өзі тану» оқу пәндерінде іске асырылады.

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша сағат саны														Жүктеме, сағат	
		5а	5ә	6а	6ә	6б	7а	7ә	7б	8а	8ә	8б	9а	9ә	9б	Апта лық	Жылд ық
<b>Инварианттық компонент</b>																	
IV	Адам және қоғам	4	4	4	4	4	3	3	3	3	3	3	4	4	4	50	1700
14	Қазақстан тарихы	2	2	2	2	2	1	1	1	1	1	1	1	1	1	19	646
15	Дүниежүзі тарихы	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	14	476
16	Құқық негіздері	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	1	1	1	3	102
17	Өзін-өзі тану	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	14	476

5-6 сыныптардағы «**Қазақстан тарихы**» пәні аптасына 2 сағаттық жүктемемен оқытылды және әр тоқсан сайын БЖБ, ТЖБ жұмыстары жүргізілді. Оқу жылында барлығы – 4 БЖБ мен 4 ТЖБ өткізіліп, жылдық баға шығарылды.

Төмендетілген оқу жүктемесімен оқу жоспарына сәйкес 7-9-сыныптарда «Қазақстан тарихы» пәнінің апталық жүктемесі 1 сағатты құрады. Сондықтан тоқсандық жиынтық бағалау өткізілмеді, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылды.

«Дүниежүзі тарихы» пәні аптасына 1 сағаттан ғана оқытылатындықтан оқу пәнінен әр тоқсан сайын БЖБ өткізу ғана қарастырылған. «Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша 5-9-сыныптарда бөлім үшін жиынтық бағалау жүргізілді және олардың қорытындысы бойынша жартыжылдыққа баға қойылды, ал тоқсан бойынша жиынтық бағалау жүргізілмеді.

«Құқық негіздері» пәнін оқыту оқушылардың қоғамда әлеуметтік бейімделуі үшін қажетті негізгі құқықтық білімдері мен дағдыларын меңгеруді қамтамасыз етуге бағытталған. «Құқық негіздері» оқу пәні бойынша оқу жүктемесі: 9-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды. Бөлім бойынша ғана жиынтық бағалау жүргізілді және олардың қорытындысымен жарты жылдық баға қойылды.

5-9-сыныптардағы «Өзін-өзі тану» пәнінің базалық мазмұны төрт тарауды қамтиды: «Таным қуанышы»; «Адам болам десеңіз...»; «Адам және әлем»; «Адамзаттың рухани тәжірибесі». Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 5-9-сыныптарда аптасына – 1 сағат, жылына – 34 сағатты құрады, әрбір жартыжылдықтың қорытындысы бойынша «есептелінді» белгісі қойылды.

«Технология және өнер» білім саласы бойынша келесі пәндер оқытылған: 5-6-сыныптарда «Музыка» пәні, 5-9-сыныптар аралығында «Көркем еңбек» пәні.

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша сағат саны														Жүктеме, сағат	
		5а	5ә	6а	6ә	6б	7а	7ә	7б	8а	8ә	8б	9а	9ә	9б	Апта лық	Жылд ық
<b>Инварианттық компонент</b>																	
V	Технология және өнер	3	3	3	3	3	1	1	1	1	1	1	1	1	1	24	816
18	Музыка	1	1	1	1	1	-	-	-	-	-	-	-	-	-	5	170
19	Көркем еңбек	2	2	2	2	2	1	1	1	1	1	1	1	1	1	19	646

«Музыка» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 5-6 сыныптарда – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты құрады. «Музыка» пәні бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді. «Музыка» пәні бойынша жартыжылдыққа және оқу жылының соңында «есептелінді» деген белгі қойылған.

